



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

- Өтіріктің анықталуы объектінің өз жалған хабарламасын, сондай-ақ серіктес-өтірік айтушының шынайы хабарламаларын қайта бағалауына, сонымен қатар соңғысының өз тұлғасының қайта бағалануына алып келеді. Серіктестің өтірікті пайдалану фактісі дәйексіз және келеңсіз салдар бойынша өтірік айтушы айтқан жағдаяттық пайдамен сәйкес келмейтін әрекет болып бағаланады.

5. Өтіріктің қатынасқа және оның қатысушыларына әсер ету механизмдерінің бірі - «теріс хабар беру тұтқыны» феномені болып табылады.

6. Теріс хабар қатынасына қатысушылардың мінез-құлқын анықтайтын маңызды фактор белгілі бір жынысқа қатысы болып табылады. Өтірік айтушы ерлердің мінез-құлқы көбінесе тиімділігімен, реттілігімен және сақтығымен сипатталады. Ал өтірік айтушы әйелдердің мінез-құлқы ырықсыздығымен, эмоциялылығымен, батылдығымен ерекшеленеді.

Көптеген айғақтар өтірікшіні құрықтап тұрғанымен, көп адамдар өтірікті жай анықтай алмайды. Өтірікті қосып айту кезінде, олар өзінше бір уайым шегеді. Басқа сөзбен айтқанда: стресс. Ол физикалық өзгерістер мен жат қылықтармен ұласады. Мәселен, көзін жиі жыпылықтату, көзге тік қарамау, ерінді тістеу, еріндердің дірілдеуі, беттің қызаруы, көз қарашығының ұлғаюы, жүрек қағысы жиілейдеуі, бет-әлпеті бозаруы, қолдың терлеуі, ауыздың құрғауы, тыныс алу тездейді және тереңдей бастайды. Кейбір жағдайларда адам тісін тақылдата бастайды, дуыс сарыны көтеріледі, бір сөзді бірнеше рет қайталайды, сөздері бір бірімен байланыспай, дара-дара бірінен кейін бірі тоқтаусыз ақпарат шыға береді, сөзінің соңын жеп қояды немесе мүлдем айтпайды, сөзінің арасында ұзақ үзіліс жасайды, сөзінен жаңыла береді, өтірік жөтеледі, қол-аяқты айқастырады, киімін түзулейді және т.с.с әрекеттерді жасайды. Кейбір жағдайларда ым-ишарат айтылған сөзге қарсы келіп жатады. Осы белгілер байқау әдісіне қатысқан сыналусылардың бойынан табылды.

Байқау әдісінің нәтижелері белгілі бір дәрежеде өтіріктің психологиялық табиғаты және онымен өзара байланысты әлеуметтік-психологиялық феномендер – тұлғааралық қатынас, шиеленіс және т.б. туралы білімдерді толықтырады және нақтылайды. Теріс хабар қатынасының анықталған ерекшеліктері мен үрдістерінің теориялық қана емес, сонымен бірге қолданбалы мәні де бар. Атап айтқанда, қазірдің өзінде өтірік айтушының есепке алынуы өтіріктің адамдардың әртүрлі тұлғааралық әрекеттесу жағдайларында анықталуына жағдай жасайтын әлеуметтік-психологиялық белгілері туралы айтуға негіз бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Белянин В. П. Ложь в речи // Психолингвистика. М., Флинта: НОУ ВПО «МПСИ», 2011. – с. 340-345.

ӘОЖ 637.342

ФИТОНИМДІК АТАУЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН «СҰЛУЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

Жанпейсова Аида Габидуллаевна

aida_lm@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Саркенова

Қазіргі кезде жаһандану, ғаламдастыру саясатының аясында ғылымдардың дамуын басқа бағыттармен кеңейту, қайсыбір ғылым саласы болмасын, оны «адами фактормен, адами және мәдени құндылықтармен» бірге қарастыру-бір заңдылыққа айналып келеді. Соның ішінде тілтану ғылымының ең басты ілгерілеушіліктерінің бірі-тілді адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарастырып,зерттеп, зерделеу. Себебі тіл ұлтымыздың баға жетпес құндылығы,байлығы,ойды жеткізу, қарым-қатынас жасау құралы.

Қоршаған орта мен адамның өзара ықпалдастығы нәтижесінде, адам санасында әлем туралы түсінік пайда болып, философия, лингвистика саласы аясында туған еңбектерде әлем

бейнесі деп аталып жүрген бір үлгі қалыптасқан. Бұл дегеніміз-адам табиғатын суреттейтін ұғым болып табылады.

Адам өмір сүре отырып, тәжірибе жинақтап, оны белгілі концептілерге көшіреді. Концептілер бір-бірімен логикалық жақтан байланысып, өзара концептілер жүйесін құрайды. Концепт туралы түрлі анықтамаларды қарастыра келіп мынадай анықтамаларға көңіл бөлуге болады.

Ғалым Вежбицкая концептіге мынандай анықтама береді: «концепт бұл ақиқат әлемі туралы адамның мәдени-шартты түсінігін бейнелейтін «идеалды әлемнің бейнесі». Р.М.Фрумкина концептіні мәдени категориялардың әсерінен туған вербалды ұғым ретінде түсінеді. В.Н.Телияны пікірінше, «концепт-бұл адамзаттың ақыл-ой жемісі және ондағы идеалды құбылыстар мен болмыстар. Ол тек тілге емес, адам санасына тікелей қатысты» Демек, концепт адам санасында танылған, бейнеленген білімді айқындайды.

Бүгінгі таңда концепт ұғымына қатысты мәселелер қазақ тіл білімі ғылымында да кеңінен зерттеліп, қарастыру нысанына айналған. Концептінің мән-мазмұнын зерттеуші ғалымдар Н.Уәли, Г.Смағұлова, Г.Мұратова, Ж.Манкеева, Э.Оразалиева, Қ.Жаманбаева, М.Күштаева, С.Жинаков, А.Ислам, Б.Ақбердиева, Г.Имашова, Ж.Жампейісова, т.б. еңбектерінде әр қырынан қарастырылып келеді.

Қазақ тіл біліміндегі фитонимдер арқылы жасалған «сұлулық» концептісінің танымдық ерекшелігін, танымдық мәнін, семантикалық өрісін айқындауға болады.

«Сұлулық» концептісі адамның түр-әлпетіне, ажарына, «тән сұлулығына» байланысты айтылатын концептінің ғана түрі болып табылмайды, сонымен бірге ол өз бойына «жан сұлулығы», «табиғат сұлулығы» деген сияқты ұғымдарды жинақтайды. Әрбір затқа, қоршаған дүниеге ерекше бір талғаммен, жоғары эстетикалық талғаммен, көңіл аударған халқымыз сұлулықты өте жоғары бағалаған.

Фитонимдер-өсімдік атаулары. Олардың қатарына көптеген тұрақты тіркестер, теңеулер кіреді: гүл жүзді, шырын сөзді, үлпілдеген мақтадай, қарақаттай, жауқазындай, шиөдей, алмадай, қызғалдақтай, тарыдай т.с.с.

Халқымыз өсімдік атауларын ежелден-ақ қоршаған ортадағы заттарды, адам бейнесін суреттеуде көп қолданған. Қазақ жерінің түрлі ландшафтық-климаттық аймақтарында төрт түлік малын өсірген қазақтар асқар таулар мен кең жазықтарда, адырлы үстірттер мен далалы шөлейттерде, шағын құмдар менайдын көлдердің алқаптарында, өзен жағалауында, орманды өлкелерде тіршілік ететін жан мен малға керекті өсімдіктер мен гүлдердің қасиетін жақсы білген, сол себепті өсімдіктер мен гүл атаулары, олардың атауларының қолданылуымен жасалған фразеолгизмдер, теңеулер, атаулар орасан көп. (жанагүл, шайшөп, итмұрын, жалбыз, мия, қайың, қарағай, тал, терек, қамыс, арша, ұшқат, ши, бетеге, мойыл, сексеуіл, алма, тараңғы, сарымсақ, долана, қарақат, шілік, жиде, қарағаш, өлең, ...) Сол себепті де, өсімдік, гүл, ағаш атауларын тек экологиялық жағынан топтастырып қана қоймай, олардың танымдық мән-мағынасына баса назар аудару қажет деп ойлаймын. Концепт-адамның білімі мен тәжірибесі арқылы көрсетілетін біздің санамыздың және ақпараттық құрылымның ментальдық және психикалық ресурстарының бірлігін түсіндіретін термин; «Сұлулық» концептісінде –сұлулықты ерекше талғаммен бағалап, ардақтай, білген халқымыз өзінің бай әрі әсем тілі арқылы оны шебер жеткізе білгені аян.

Басқа халықтардың түсінігінде де, қазақ танымы сияқты гүл мен әйел ұқсастығы негізінде «сұлулық» концептісін бейнелейтін жағымды коннотация туған. Мысалы: әйел бейнесін беруде: гүл жүзді, аппақ гүлдей, бәйшешектей, қызғалдақтай, жауқазындай, т.с.с., *Гүл ең әдемі және ағаштың тартымды бір бөлігі болып табылатыны мәлім. Гүлдің алуан түсінің де, оның санының да өзіндік, ерекше мағынаға ие болып табылады..* Мысалы, бір тал гүл ұсыну - көңіл аударудың көрінісі, үш талы-құрмет көрінісі, бес талы-сезімін білдіруді көрсетсе, жеті тал гүл-махаббат таңбасы. Бізде кейде туған күн иесі қанша жасқа толса, сонша гүл беру (мәселен, он сегіз гүл) дәстүрі жастар ішінде бар. Бірақ, бұл бар болғаны ол адамның қанша жасқа толғанын ескертуден басқа ештеңе де емес. Сондықтан гүл сәнінің шектеулі болғаны да дұрыс. Олардың түстерінің де өз пәлсапасы бар. Ақ түсі әдеттегідей

тазалықты,пәктікті білдірсе, қызыл түс-жастықты, махаббат пен нәзіктікті, алқызыл-өткір ойлылықты, алтын түстесі-ұлылықты, мәртебелілікті, сары-қызылы - күдіктілікті, солғын сарысы - өзгеге айырбастаушылықты, қара түсі - қайғыны білдіреді. Сондай - ақ гүлдің көркем аудармада алар орны ерекше. Концепттердің зерттелуі қазіргі лингвистикада көп жұмыстарға жұмсалады.

Гүл атауларының қазақша атаулары халқымыздың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде де, тіпті газет бетінде де ертеден бері қарай қолданылып келе жатқандығы белгілі. Ұлы даламен тыныс-тіршілігі біте қайнасқан халқымыз түрлі дәрілік өсімдіктерді пайдаланып, негізгі тірлік көзі – малын да сан қилы шөптерге жаю арқылы өсіріп, өнімін алып отырған. Қыздарын гүлге теңеп, Жауқазын, **Баршын, Раушан,Райхан, Лала, Қызғалдақ, Қырмызы**, т.б. аттарды қойған. Жайылым қыр-сырын жете меңгерген, әдемілікті бағалай білген халық тілінде гүл атаулары сөздік қордың негізгі бір өрісін құрайтындығын тілімізді зерттеушілер ертеден байқаған. Махмұт Қашғаридың «Дивани лұғат ат-түрік» сөздігінде **еңлүк, чечек, баршын** сияқты гүл атаулары кездеседі. Олардың қазіргі тіліміздегі беретін мағыналары **эдельвейс, гүл, гладиолус**, болып табылады. Алайда біздің зерттеу жұмысымызға қатысты гүл атаулары тілдік тұрғыдан тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Дегенмен де гүлдер өсімдіктер қатарына жататындықтан, гүл атауларына қатысты аздаған мәліметтер фитонимдерді зерттеген ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Өсімдіктердің қазақша атаулары жөніндегі бастапқы мағлұматтарды біз Қазақстан өсімдіктерін алғаш зерттеген белгілі орыстың ғалым ботаниктері Н.И.Аненков, Б.А.Федченко, И.В.Ларин,И.М.Крашенинников, Н.В.Павлов, В.И.Андреев, Н.И.Рубцов, М.Г.Попов,П.П.Поляков, Б.А.Быковтардың еңбектерінен кездестіреміз. Кейінірек бұл ғалымдар қатары Ө.Қисықов, С.Арыстанғалиев, Е.Рамазанов, Т.Мұсақұлов, Ж.Бабалықұлы, О.Асқар, Б.Қалиев сияқты ғалымдармен толықты. Олар өздерінің еңбектерінде қазақша өсімдік атауларын молынан қамтуға және олардың тілімізде дұрыс қалыптасуы мен орысша баламаларына сай келуіне көп еңбек сіңірді. Қазақ тілінде фитоним атауларын зерттеген ғалым Б.Қалиев өсімдіктер жөнінде былай жазды: «...өсімдіктерсіз өмір жоқ, олар - біздің досымыз; тіршілігімізге тірек, өмірімізге нәр, күнделікті тұрмысымызда көрік. Өсімдіктер кисең - киім, ішсең - тамақ, жатсаң - төсек, жазсаң - қағаз». Мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы жер бетіндегі өсімдіктер дүниесін тым ертеден бақылап, зер салып, көңіл қойған. Олардың қайсысы малға жұғымды екендігін, қай шөп олар үшін пайдалы,қай шөп зиянды (улы) екендігін ажырата білген және өсімдіктердің , гүлдердің түр түсін саралап, әрқайсысына жеке-жеке ат қойып, айдар таққан,және оның әрқайсының әр халықтың танымында өзіндік орны болған.

Гүл атаулары әлемнің ұлттық тілдік бейнесін құрайтын мәдени әлеуетке ие маңызды лексикалық бірліктер қатарына жатады. Гүлдер эстетикалық, өнеркәсіптік, құндылықтық сипатымен ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі түрде қоршаған әлемге бейнелі-символикалық қатынасын білдіру ерекшелігімен бай болып келеді. Сонымен қатар қазақ қыздарына қойылған гүл сөзі бар есімдер өте көп: Гүлнұр, Гүлжаз, Гүл бакыт, Гүлжан, Гүлфайра, Гүлнәзира, Гүлім, Гүлсезім, т.с.с.

Роза – раушан, **лилия** – лалагүл, **маргаритка** – дәстүргүл, әсел гүл; **нарцисс** – наркес, **қызғалдақ** –тюльпан, **бәйшешек** – подснежник гүл атаулары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде кездеседі. Олар дыбыстық пішіні, символдық мәні жағынан сәйкес келгенімен, тілдік қолданылуы жағынан өзіндік ерекшелікке ие, бұл белгілі бір тілдік қоғам өкілдерінің танымдық ерекшеліктеріне, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріне байланысты. Кейде бір гүл халық арасында әртүрлі атаулармен де аталына береді. Мәселен, орысша «первоцвет» (латынша аты - *примула*) аталатын өсімдіктің қазақша атауы бірде **бәйшешек, қозыгүл** аталынса, екінші жерде **-жауқазын,запыран**, үшінші жерде - **наурызгүл, наурызшешек, наурызек** аталынған. Бұлардың біреулері әдеби немесе ғылыми атаулар болса, екіншілері - халықтық не жергілікті, ал үшіншілері - диалектілік атаулар болып табылады. Бұлай болулары заңды да. өйткені әр жерде (облыста, ауданда) тұратын халықтың өз жерлерінде өсетін әлгі өсімдікке өздерінше ат қойып алулары таңғаларлық нәрсе емес.

Гүл атауларының бұл сияқты сан түрлі, көп қырлы болып келуі - ботаниктерге болмаса, тіл мамандарына этимологиялық сараптаулар жасауда онша көп қиындық келтіре қоймайды. Этимологиялық тұрғыдан алғанда бұл жерде белгілі бір гүлдің әдеби атауымен бірге оның ғылыми, халықтық, жергілікті, диалектілік атауларының да болатындығына назар аударылатыны сөзсіз.

Көркем шығармада кездесетін мысалдардағы қазақ әйелінің кездесетін мысалдардағы қазақ әйелінің сұлулығына қатысты тілдік тұлғаның (автордың) сөздік қолданысында халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады.

Салтанаттың жүзі бал-бұл жанып, таңғы құлқайыр гүліндей құлпырып кетіпті. (Д.Исабеков «Гауһартас») "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" **"құлқайыр"** сөзіне: "жапырағы шоқтанып орналасқан, гүлі ақ, алқызыл, қоңыр қызыл, сары түсті көпжылдық өсімдік" деген анықтама беріліпті. Қазақтың кең далада өсіп, оның шүйгін шөбіне мал жайып, таза, ауасымен тыныстаған қазақ баласы құлқайырдың жусан, мыңбас, бетеге, мия, жалбыз сияқты шөптермен бірге қой үшін жұғымды, жағымды болып табылатынын біледі. Сондай-ақ өзі күнде көріп жүрген сансыз шөп пен гүлдің ішінен оны басып танып, ажырата алады. **Құлқайырдың** гүл ашқан таңғы сәтіндегі сан бояумен құлпырып-құбылған түрін көз алдына келтіру қиындық туғызбайды. Көріп отырғанымыздай, *қазақ әйелінің "сұлулық" концептісін* құрайтын сөздер, тұрақты сөз тіркестері, теңеулерге тірек сөз ретінде халқымыз үшін етене жақын, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, таным-талғамы мен пайым-парасатына қатысты, тілді қолданушылар үшін оңтайлы, ортақ мағыналар алынған. Ерте заманнан бері негізгі тіршілігінің көзі мал шаруашылығы боп танылған ата-бабаларымыз төрт түлік малды ерекше қастерлеп алғашқы орынға қойған. Аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнердің қасиетін төл мәдениетіміздің бір белгісі санап, табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді ата-бабаларымыз **сұлулық пен әсемдікке** тән белгі-сипаттарды табиғаттың төл перзенттері ретіндегі оның таңғажайып туындыларын (өсімдіктер мен жануарлар әлемі, т.б.) ерекше сезімталдықпен көре білгенін де **"сұлулық" концептілік жүйесін** құрайтын тілдік деректер айқындайды. Мысалға: *"алма мойын, қарақат көз, ише ерін, жас теректей, ", "жауқазындай", "қызғалдақтай"* т.б. тіркестері қазақ үшін етене жақын, аса ыстық, үйреншікті ассоциация тудырып, әрі сұлулық, әдемі-әсемдікті сипаттаудағы дәл, анық және баршаға түсінікті бейнелер болып табылады. Тағы бір көркем шығармадан мысал келтіретін болсақ, алма бет дейміз-оның біздің санамыздағы танымдық мағынасы-қызыл шырайлы, топ-толық, жас балғын жүз туралы айтылады.

«**Алма беттер** албырап

Тұлымдары салбырап

Тыңдап отыр сабағын,» (Ғ.Орманов)

Үрей ұялаған қарақат көздері ботаның жанарындай мөлт-мөлт етеді (Д.Исабеков. Гауһартас). Теңеу бейнелі таным құралы болған себептен, заттарды, құбылыстарды жақындастырып, адам санасына таныс ұғымдар арқылы таныс емес затқа түсінік беруге себін тигізеді. Теңеулерді қолдануға өзгеше бір мәнге ие, себебі ол халықтың өзіндік дүниетанымдық өрісіне байланысты. Өсімдік атаулы теңеулер, тұрақты тіркестерде ерекше ұлттық бояуы бар бірліктер көрініс береді. Осындай бейне-өсімдік топтарына жатқызуға болады. Мұндай теңеулердің құрамында тек қазақ жерінде ғана өсетін өсімдік атаулары кездеседі: бәйшешектей жасаулы, қызғалдақтай балалар, қарақаттай жайнау, жас теректей ырғалу, қалың қамыстай қирату, тобылғыдай майысу, отаған қурайдай, селеудей ақ, т.б.

Фитонимдер арқылы жасалған тұрақты тіркестердің ұлттық сипатының өзгешілігі халықтың тәжірибенің бөлшектерін ерекше, жүйелі түрде келтіруде. Осы атаулар арқылы адамның бейнесі, ажары, түр-әлпеті суреттеліп, көңіл-күйі сипатталған.

Қорытындылай келе өсімдік атаулы атаулар, фразеологиялық теңеулердің ұлттық болмысы, ұлттық реңкі, халықтың ділінің затты, есім, атауларды бейнелі түрде қабылдап, сомдауы ерекшеліктерінен халықтың танымдық қасиеттері көрінеді.

«Сұлулық» концептісі әр халықта әр түрлі сөзбен берілгенімен, қазақ халқының «сұлулық» түсінігі халқымыздың фитотерминдерімен тығыз байланыста екені айтпаса да түсінікті. Бұның айқын мысалдарын ақын-жазушыларымыздың сүйгені мен ғашығын сүйікті гүліне балаудан айқын көрініс берді. «Сұлулық» атаулы қызға телінсе, қыз сияқты нәзікжандылар гүлге теңеседі. Екі ұғым қосылып «Сұлулық» атты концептіні құрайды. Бұндай балама теңеулер болашақта да сан мәрте халық шығармашылығынан бедерлі көрініс беретіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. І.Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздік»-Алматы: Арыс баспасы, 2007
2. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. - М. Русские словари, 1996. - 411с.
3. Фрумкина Е. Введение в психолингвистику.- М., 2000. - 215 с.
4. Телия В.Н. Русская фразеология. - М., 1996. - 217 с.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл. док. дис. қолжазбасы. - Алматы, 2004. - 340 б.
6. Д.Исабеков бес томдық шығармалар жинағы –Алматы-2003ж
7. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері:Фил.ғ.к...дис. Алматы, 2003. - 117 б.

ӘОЖ 811.512.122:070

БАСПАСӨЗ ТІЛІ МЕН ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Жантықбаева Жадыра Тұрғынбаевна

zhans-sh@mail.ru

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ студенті, Қостанай, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Ж.Аубакирова

Қазақ тілінің функционалды стильдерінің бір-бірінен өзгешелік белгілері осы уақытқа дейін айтылып келеді. Осы басты белгілер отандық тіл ғылымы мен орыс тіл ғылымының ортақ танымдық деңгейінің көрінісінің нәтижесінде қаралып келеді. Ол тек стилистика ғылымына ғана қатысты емес, тіл ғылымының басқа салаларына да қатысты деп айтуға болады. Бұның басты себептері - тілдегі функционалды стильдердің анықтамасы, зерттеу бағыттары, түрлері, стильдердің табиғаты, лингвистикалық тілдік құрылымның болмысы, ортақ, бірдей немесе ұқсас қызметінің әмбебаптық сипаты т.б.

Қазақ тіл ғылымында функционалды стильдерді былайша топтастырып жүр: 1) ауызекі сөйлеу стилі; 2) ғылыми стиль; 3) ресми стиль; 4) публицистикалық стиль; 5) көркем әдебиет стилі.

Стиль туралы М.Серғалиев 4 түрлі қасиетті былай түйіндейді: 1) Әдеби тілдің бір түрі; демек сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар; 2) Стиль - тарихи категория; 3) Стиль- қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады; 4) Тілдік құралдардың қалай болса солай тіркескен тобы емес, шартты тұйықталған тобы [1,41].

Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар деп тануға негіз бар. Жалпы БАҚ-тың ақпаратты жеткізу формасына қарай үш түрге бөлінетіні белгілі: телевизия, радио және мерзімді баспасөз. БАҚ тілі нысанаға алынғанда лингвистика ғылымындағы негізгі ұғым мәтінге бұқаралық коммуникацияда жаңа мағыналық реңктер үстеледі.